

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 32 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық Экономикалық Кеңес комиссиясының 2017 жылғы 17 мамырдағы № 12 Өкімі

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 13 сәуірдегі "Еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыру мен олардың жұмыс істеуі туралы ережені бекіту туралы" № 2 шешімінің 3-тармағын іске асыру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 32 өкіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
В. Габриелян	В. Матюшевский	А. Мамин	О. Панкратов	И. Шувалов

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің 2017 жылғы
17 мамырдағы № 12 өкіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 32 өкіміне енгізілетін өзгерістер

1. 2-тармақтағы "12" деген цифр "13" деген цифрмен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген өкімге № 1 қосымшада:

а) бірінші баған мынадай мазмұндағы 9-позициямен толықтырылсын:

"9. Metallургия технологиялары және жаңа материалдар";

б) екінші баған мынадай мазмұндағы 12-позициямен толықтырылсын:

"12. Metallургия технологиялары және жаңа материалдар".

3. Мынадай мазмұндағы № 13 қосымшамен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің 2016 жылғы
18 қазандағы № 13 өкіміне
ҚОСЫМША

"Metallургия технологиялары және жаңа материалдар" еуразиялық технологиялық платформасының ПАСПОРТЫ

1. Құрылтайшылар:

"Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Ашық типтегі Ұлттық нанотехнологиялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорны (Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы);

Армения Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Физика зерттеулері институты (Аштарак қаласы, Армения Республикасы);

"Беларуссия Ұлттық ғылым академиясының материалтану жөніндегі ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік ғылыми-өндірістік бірлестігі (Минск қаласы, Беларусь Республикасы);

"Беларуссия Ұлттық ғылым академиясының Физика-техникалық институты" мемлекеттік ғылыми мекемесі (Минск қаласы, Беларусь Республикасы);

"Беларуссия Ұлттық ғылым академиясының Біріккен машина жасау институты" мемлекеттік ғылыми мекемесі (Минск қаласы, Беларусь Республикасы);

Ұнтақ металлургия мемлекеттік ғылыми-өндірістік бірлестігі (Минск қаласы, Беларусь Республикасы);

Ресей ғылым академиясының Жер қойнауын кешенді игеру проблемалары институты (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы).

2. Мақсаттары:

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) металлургиялық технологиялар және жаңа материалдар алу саласындағы өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық әлеуетін пайдаланудағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру;

инновациялық технологиялар мен бәсекеге қабілетті өнім жасау және оны мүше мемлекеттердің нарықтарында және әлемдік нарықта ілгерілету;

металлургия технологияларын және жаңа материалдарды тиімді пайдалану негізінде өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру, мүше мемлекеттердің инновациялық дамуын жеделдету;

мемлекеттің, бизнестің, ғылымның, қоғамдық ұйымдардың күш-жігері мен ресурстарын металлургияның перспективалық технологиялары мен жаңа материалдар, солардың негізінде жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті өнімдер жасап, қызметтер көрсетуге және енгізуге шоғырландыру және үйлестіру;

жоғары технологиялы өнімнің әлемдік нарыққа шығуына жәрдемдесу мақсатында мүше мемлекеттердің технологиялық, ұйымдастыру және басқару ресурстарын біріктіру, мүше мемлекеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

тұтыну нарығын қалыптастыру, мүше мемлекеттердің перспективалық металлургиялық технологиялар жасау мен енгізу және жаңа материалдар алу

саласындағы халықаралық және салааралық кооперациясы мен коммерциялық байланыстарын дамыту.

3. Міндеттері:

бәсекеге қабілетті өнім жасау;

мүше мемлекеттер экономикаларының нақты секторының жаңа технологияларға деген қажеттілігін анықтау;

стандарттарды, техникалық шарттарды және жаңа материалдарға қойылатын техникалық талаптарды қалыптастыру негізінде стандарттардың бірыңғай саясатын әзірлеу;

инновациялық әзірленімдерді қолдау үшін мүше мемлекеттер компанияларының қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру;

мүше мемлекеттердің ғылыми-техникалық және инновациялық ынтымақтастығы нәтижелеріне мониторинг жүргізу.

4. Қызметінің негізгі бағыттары:

минералдық шикізатты қайта өңдеудің жиынтықтылығын арттыру;

рудалы және (немесе) техногендік кен орындарының баланстан тыс, қиын байытылатын минералдық шикізаты мен металлургия өндірістерінің қалдықтарын қайта өңдеу технологиялары;

ферроқорытпалар алу технологиялары;

жаңа материалдар алу технологиялары."